



ӘОЖ 821.3

Доскеева Шайза Асанқызы

филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

e-mail: shaizaasanovna_68@mail.ru

ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫНДАҒЫ ЗАМАНДАС БЕЙНЕСІН СУРЕТТЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ Ә.НҰРШАЙЫҚОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Қазақтың өнернамалық ғұмырында қалам қарымының өлшеусіз байлығымен көзге көрініп, қазақ әдебиеті тарихында алар орнын шығармашылығындағы нәзік лиризммен, асқақ романтизммен, эпикалық кең тынысымен бейнелей білген халық жазушысы Ә.Нұршайықовтың еңбегі зор.

Бұл мақалада жазушының замана сазының көшімен өз кезеңінде халықтың өмір жолы мен дәуір келбеті, жастар бейнесі, махаббат, майдангер тағдыры, ауыл адамдары, қоғам қайраткерлері мен ел қалаулыларын шығармашылығына арқау ете отырып, терең философиялық оймен, психологиялық әсермен жазылған көркем шығармалары жан-жақты сараланады.

Түйін сөздер: *әдебиет, сөз өнері, қаламгер, замандас бейнесі, жеке тұлға, рухани әлем, адамгершілік мәселелері, заман келбеті*

Народный писатель А.Нуршайков имеет большую заслугу в истории казахской литературы, показав тонкую лирику в литературе казахского народа в непревзойденном богатстве своего мастерства, отражая его романтизм, эпический блеск.

В этой статье анализируются произведения искусства с глубокими философскими мыслями, психологическими последствиями, взяв за основу всего творчества жизненный путь людей на сцене писательской эпохи, образ молодости, любовь, судьбу солдата, деревенских людей, общественных деятелей и народных избранников.

Ключевые слова: *литература, искусство речи, писатель, образ современника, личность, духовный мир, нравственные проблемы, облик современности.*

National writer A. Nurshaykov has great merit in the history of Kazakh literature, showing a subtle lyricism in the literature of the Kazakh people in the unsurpassed wealth of his craftsmanship, reflecting his romanticism, epic brilliance.

This article analyzes works of art with deep philosophical thoughts, psychological consequences, taking the life path of people on the stage of the writer's epoch, the image of youth, love, the destiny of the soldier, village people, public figures and people's choices as the basis for the new creative work.

Keywords: *literature, art of speech, the writer, image of a contemporary, personality, spiritual world, moral problems, face of modernity.*

Әдебиет тарихында заман көріністерін, адам элемі мен оның бейнесін жасау – қаламгердің қуатты да қарымды қаламынан туатыны сөзсіз. Қай қаламгер болмасын, өз шығармасында замана кейпін айқын ашып беретіндей, келешек

ұрпаққа анық жететіндей дәрежеде жазуды мақсат тұтады. Осындай көркемдік талап пен эстетикалық әлем мен автордың дүниетанымы бірлігінің нәтижесінде дүниеге келетін замандас

бейнесі сөз өнерінің көркем бейнесіне айналатыны анық.

Әдебиеттегі замандас бейнесіне барар жолда көркемөнердегі жеке тұлғаны сомдау мәселесіне тоқтау қажет.

«Әдебиеттің басты предметі – адам» [1, 89 б.] дейтін болсақ, оның барлық әлемде, дүние, қоғам өмірінде алатын орны ерекше.

Адам тұжырымдамасы – көркем шығармашылық пен эстетикалық ой үшін де ең басты мәселе. Көркем әдебиеттегі әр суреткердің бейне жасаудағы әдіс-тәсілдері өнердегі адам тұжырымдамасынан туындайды, содан бағыт-бағдар алады. Өйткені, адам қоғамның негізгі қозғаушы күшінің әдебиеттегі коннотациялық жиынының көрсеткіші бола алады. Қоғамдағы адамның жекелік қасиеті, рөлі турасында әр заманда түрліше пікір, пайымдар болды. Біздің мәселе қылып отырған тұлға – жеке адам ғана емес, сонымен қатар ол әлеуметтік тип. Оның бойынан, қасиетінен күресуші таптың идеологиясы, психологиясы, сайып келгенде оның мақсат-мүддесі айқындалып тұруы тиіс.

Тақырыпқа қатысты кеңестік кезеңнің әдеби-қоғамдық сипатын нақтылау, қайсыбір тұстарына ден қою артық емес. Реализммен сусындаған кеңес суретшілері өмірді өз қалпында суреттеуді, күнбе-күн көріп жүрген нәрсенің көшірмесін жасауды емес, өмірді терең зерттеп көрсетуді реализм деп ұғынды. Сондықтан кеңестік қоғам адамының өзіне тән қасиеті, ерекшелігі, өзгешелігі бар.

Әдебиет пен өнер – қоғамдық өмірдің айнасы. Ол да әр тарихи дәуір шындығын басшылыққа ала отырып, сол кезеңнің идеалы, мұраты болғандай бейнелерді тудыруды мақсат етеді. Заман рухынан туып, белгілі кезеңнің келелі мәселелерін көтерген сом бейнелер ғана өнегелі, өміршең болмақ. Және сол бейнелер өз кезеңіндегі әдебиеттің тағылымды қаһармандары бола отырып, кейінгі әдебиетке өз ізі мен таңбасын үлгі ретінде қалдырады. Сөйтіп, тарихи шындық пен көркемдік шындықтың тоғысқан жерінен жеке тұлға бейнесі шығады. Ол көркем бейненің заманауи сипаты мен келісті сом тұлғасын құрайды.

Ә.Нұршайықов шығармашылығындағы кейіпкерлердің дені кеңестік дәуірдің табиғатынан нәр алған жиынтық бейнелер. Ербол мен Меңтай – замана тудырған махаббаттың символы болса, Бауыржан – Ұлы Отан соғысының батыры ретінде көрінген халықтың қалаулы азаматы, ер жүрек, өжет

ретінде көрініс береді. Сол сияқты жазушы сол орта мен қоғамның небір жағымды әрі жағымсыз бейнелерін нақышына келтіріп сомдады. Сол арқылы Кеңес дәуірінің психологиялық ортасын, қоғамдық-саяси ахуалын суреттеді. Әдебиет зерттеушісі Гүлзия Пірәлиева әдебиеттегі психологизм, көркемдік тұрғыдан алғандағы бейненің психологиялық қырына мынадай тұжырымдама жасайды: «Психологиялық роман жанрының табиғатына тән көркемдік қасиеттің бірі – адамзаттың табиғи жаратылысын танытатын: бәрі адамтануды тереңдеп зерттеуге өзіндік үлесін қосатын қосалқы көмекші құралдар. Олардың түп тамыры тереңде, халықтың салт-дәстүрінде, тұрмыс-тіршілігінде, әдет-ғұрпында жатқанын да атап өткен жөн» [2, 189-б].

Біз Ә.Нұршайықов шығармаларын таза психологиялық туындылар деп айта алмаймыз. Бұл шығармалар – реалистік, романтикалық, философиялық тұрғыда келістіріліп жазыла келе, өн бойына ұлттық, яки қазақы психология, жеке тұлғалық (индивидтік) қасиеттер, адами болмыс пен табиғи мінездеулерді жинақтаған синкретті көркемөнер туындылары. Жазушы шеберлігі сол – ол шығармаларын әр тарап бойынша келістіріп, жан-жақты қоғамы, адами, саяси мәселелерді адам психологиясының түп қазығымен байланыстыра бейнелейді.

Заманның есте қаларлық жағымды тұлғасының келісті бейнесін өз шығармаларында үлкен шабытпен бейнелей алған үздік суреткерлеріміз, сол әдеби кейіпкерлер ғұмыры мен халқымыздың қажырлы күрес тарихын өзара байланыста ала отырып, еліміздің жаңару, өзгеру, ілгері даму шежіресін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келді.

Суреткер алдына бүгінгі күн міндеті ретінде қойылып отырған заманымыздың ұлылығына сәйкес замандас бейнесін жасаудағы шеберлікті арттыра түсу мәселесінің арғы төркіні 20-30 жылдармен сабақтасады. Демек, бұл саладағы дәстүр бастамасы жаңа кеңестік реализм әдебиетінің қалыптасу дәуірінде-ақ бой көрсеткен болатын. Осы тұста қоғамдық өмірмен ілгері қадам басқан жаңа тұрпатты кейіпкерлер бейнесін сипаттауда озықтық көрсеткен жазушыларымыздың бірі – Әзілхан Нұршайықов.

Әдебиетімізде заман тынысы мен замандас бейнесі жаңа қырларымен бейнеленіп көрініс тапты. Прозаиктердің 60-70 жылдары жарияланған роман, повестерінде, әсіресе, Ұлы Отан соғысы оқиғаларының фондында ауыл

өміріндегі елеулі өзгерістер мен замандас бейнелерін бейнелеуге бетбұрыс айқын байқалады.

Бұл – кездейсоқ құбылыс емес. Соғыс адамдардың ар-ұждан тазалығына қатал сын болды. Соғыстан кейінгі халық тұрмысы, ауыл адамдары, хал-ахуал, жастар мәселесі, қоғамдық-саяси тұстар, өмір, тіршілік харекеттері жазушылардың сынына түсті. Қатерлі сынға біреу төтеп беріп, төзіп, шыңдалып, құрыштай шыныға түссе, біреулердің моральдық дүниесіндегі сызаттар, бітеу жара ұлғая келе дертке айналып, адамдық қасиеттен жұрдай етті. Бірақ ауылдағы шешуші күш мұндайлар емес, жаны, ары таза, шын патриот, еңбекші халық еді. Осындай негізгі идеялық-эстетикалық тұжырымдамаға құрылған шығармалардың әрқайсысында өзіндік бояу-өрнегімен заман және адам мәселесі толғанады. Ә.Нұршайықов өз туындыларында замандас келбеті мен жеке адам тұлғасын әр түрлі бояу-нақыштармен бейнелеп, кестеледі. Бұл тұста, сөз жоқ басты бағыт: «Жеке адам мен коллектив, көпшілік, басшы мен оған ерген халық – совет әдебиетінің алғашқы күнінен бастап батыл және көп көтерген тақырыбының бірі. Бұл, әсіресе, жаңа қоғамдық жағдайларда, әлеуметтік күрес жолында көбірек көрсетіледі. Көркем әдебиет сол арқылы жаңа жағдайларда, коллективтік ортада жеке адамның өсу, жетілу жолдарын көрсетуге тырысады» [3, 11 б.].

Шынында, жазушы өзі өмір сүрген ортаның жырлаушысы десек, сол заман бейнесі оның шығармаларында өз көрінісін берері айқын. Ә.Нұршайықов туындылары осындай заманның көркемөнердегі суретін нәзік лиризм мен гуманистік идея бесігіне бөлеп бейнелеген туындылар болды.

Тақырып өзегі әдебиеттану ғылымындағы көркем бейне, бейне болғандықтан, зерттеуімізде айтылып отырғандай, көркем бейне немесе бейне – әдебиеттің, яғни көркем шығарманың басты нысаны ретінде қаралады.

Мұның өзі, сайып келгенде көркемділік, көркемдік шындық пен көркем бейнеге алып келеді. Демек: «Көркемдік шындық – өмір шындығынан, жазушының ой-елегінен, шығармашылық көрігінен өтіп, қорытылып, әдеби шығармалардағы баяндалған, көркем суретке айналған қалпы. Көркем шығарма өмірдегі шындықты кең толғап түсіну, терең сезіну, оған жазушы өз қатынасын білдіру арқылы туады». Ал «Көркемділік – өнер шығармаларынан өзіндік ерекшелігі,

эстетикалық сұлулығы – дүниені, болмысты сипаттап сөйлетудегі суретшілік, бейнелілік, өрнектілік» болса, онда: «Көркем бейне – көркем бейне, ... әдеби шығармада жинақталған түрде суреттелетін өмір құбылысының нақтылы көрініс-қалпы, кейіпкердің көркем ой елегінен өткізіліп, қорытындылап жасалған тұлға-бейнесі» [4, 273-275 бб.].

С.Қирабаевтың «Әдебиет және дәуір талабы» атты еңбегінде әдебиеттегі адам бейнесіне мынадай тұжырым жасаған: «Әдебиеттің негізгі зерттейтіні – Адам мен оның өмірі, еңбегі екені жалпыға мәлім. Алайда, оны көркем бейнелеудің жолы алуан түрлі. Біреу адам өмірін оның нақты іс-әрекетін суреттеу арқылы көрсетуге тырысса, біреулер оның ойын, айналасын, өмір сүрген ортасын танытуға көңіл бөледі. Осындайда адаммен қарым-қатынаста болатын өмір құбылыстарының ешқайсысы да сырт қалмайды. Адам сезімін, ой-дүниесін тереңірек бейнелеуге табиғат та, оның маңындағы жан-жануарлар тіршілігі де қатыса алады. Өйткені, Адам – жалпы тіршіліктегі ең биік сапалы, саналы өмір иесі, қалған тіршілік құбылыстары оны толықтыруға, оның ренішті-қуанышты сезімдерін ашуға көмектеседі, оның жанын, ұғымын байытады» [3, 58 б.]. Расында, адамның жаны – түпсіз терең тұңғыық, өз алдына ұлы әлем. Оның тылсым сырын ашып суреттеу, сөз зергерінің негізгі нысаны. Э.Межелайтис айтқандай: «Адамның ішкі дүниесіне тереңірек үңілген сайын оның анағұрлым күрделі екендігіне көз жеткіземіз. Адам жаны неғұрлым тереңірек суреттелсе, шығарма да күрделі болады» [5, 448 б.]. Бұл жердегі тереңірек суреттелу деген сөз – бар ынта-ықыласпен, күш-жігермен нанымды әрі сенімді, әр оқырманды тебіртетіндей, сол оқиғамен иландыратындай халге жеткізу. Яки, адам жанын, әрі адам өмір сүрген қоғамды, уақытты, қысқасы заман һәм замандастар туралы суреттеу – жазушының шығармашылық кредосы.

Табиғат тепе-теңдігін сақтаушы, өмір өткеліндегі ең саналы, биік дәрежелі тіршілік иесі – адамзат баласы. Сол адамзат баласы қарапайым өмірде жекелік, жалғыздық сипатқа ие болады. Ал көркемөнерде бейне жинақталады, дараланады, сараланып, салмақталады. Академик З.Қабдоловша айтсақ: «Әдебиетте адам бейнесін жасаудың амалы алуан түрлі. Ол сөздегі суретпен ғана бітпейді, көркем бейне жасауға қажет өмірлік материалды жинақтаудан әдеби тұлғаны

даралауға дейін барады» [1, 90 б.]. Шынына келсек, бейне жасау – жазушының ең бір шығармашылық ізденісінің, қалам қуатының танылар қыры. Өйткені, қаламгер бейне жасауда материалдарды алдымен жинақтайды, тақырып пен идеяны айқындайды, одан соң шығарманың композициясы мен пішінін жасайды. Мұның бәрі жазушының шеберлігіне, жазушылық зертханасына, өмірді танып, ғұмырды бастан кешіріп, замана сазымен ілесе алатын жаңашылдығына байланысты. Әдебиет теориясындағы көркем бейне ұғымына З.Қабдолов: «Көркем бейне, яки әдеби қаһарман дейік, я болмаса шығарма геройы не кейіпкері немесе персонажы дейін, бәрібір, осылардың бәрі – бір-ақ ұғым – бейне. Бейнелеу – образдылық болса, бейне – образ. Әдебиеттегі адам, сөздегі сурет, шығармада өмір шындығын жинақтау, адам мінезін даралау, сайып келгенде, осылардың бәрінің сарқып құяр сағасы біреу, ол – бейне» [1, 97 б.].

Ә.Нұршайықов шығармашылығының басты арқауы – заман адамдарының шыншыл да нақты бейнесі. Жазушы шығармаларының өзегі де осы көркем бейнелерден өрбиді. Әр жазушының оқырман жүрегінен орын алуы – олардың туындыларындағы кейіпкерлер әлемінің айнадай таза, шыныдай мөлдір, шыншыл, жаны мен ары таза, әлеуметтің әдемі де жағымды жандарын немесе қоғамға зиян әкелер тоғышар мінезді кертартпа кесірлерді бір арнаға тоғыстыруы, әдеби өмірге әкелуіне байланысты. Сөйтіп, әрбір кейіпкердің жан-жүйесін, ішкі сезімін, дүниетанымын тамыршыдай тап басып танып, көз алдына кесек, сом тұлғаны елестегеді.

Қалың көпшілік, шығармашылық орта – Ә.Нұршайықовты журналист-жазушы, майдангер-жазушы дейміз. Өз басынан журналистік және өмірлік мектепті кешірген жазушы қаламының қарымдылығы өміршендігінде екені анық. Жазушының өзі айтқандай, ұлы мектеп, ұлы ұстаз – өмірдің өзі көркемдіктен, ұлылықтан құралады десек, оның әрбір шығармасы осы өмір мектептерінен нәр алған. Өз әңгімелерінде жазушы заман көрінісі, оның негізгі бөлшегі, яки әдебиеттің предметі – адамды, адам болғанда, заман адамын суреттеуде көркемдіктің сан қырлы сипатын танытқан қаламгер. Осы орайда, қаламгер шығармашылығын қарастырған профессор Р.Тұрысбектің: «Жазушы еңбегі мен шығармашылық жұмыс – ойлар мен толғаныстардан тұратын, талант табиғатын,

ізденіс іздерін, жан-жүрек жылуын, сыр-сезім тұтастығын, шабыт шалқарын қажет ететін, рухани әсер-ықпалы көл-көсір, бейнеті мен зейнеті мол, арды айна, шындықты шырақ ететін – әсемдік әлемі, көркемдік көкжиегі болып табылады...

Ә.Нұршайықовтың шығармашылық мұрасы: кезеңдік-қоғамдық құбылыстарды, адам мұраты мен оның еңбегін, өмірден өрбіген шындықтарды қарапайым хәм көркем, бейнелі де бедерлі, мәнді де жүйелі жеткізеді» [6, 70-122 бб.], - деген ой-пікірлері мәнді болып табылады.

Оның шығармаларының басты тақырыбы – достық, махаббат, адалдық. Өйткені, әдебиетте мәңгілік тақырыптардың бірі - махаббат тақырыбы. Осы бір өлмейтін тақырыпты өрбітіп, асқақтатушы, дамытып, даралатушы, жаңашыл туынды тудырушы эстет жазушы – Ә.Нұршайықов. Оның әрбір суреттеген бейнесі, оған берілген мінезі, аузынан төгілер сөзі, ортамен қарым-қатынасы – бәрі де әдемілікпен сабақтасады. Егер шығармаларда заман келбеті мен замандастар бейнесі толық ашылмаса, жазушы туындылары басқа тілдерге де аударылмас еді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, жазушының еңбектерінің дені орыс тіліне аударылған. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның әр азаматы қай құбылысты болса да өзінше, жаңаша пайымдайды. Жазушы шығармаларының дені кеңестік дәуірде жазылғанмен, оның шығармашылығының екі қыры бар. Оның бірі – ұлттық бояу да, екіншісі – достық әлемі.

Ұлттық бояу деп отырғанымыз қазаққа тән лиризм, ұлттық реңк, болмыс пен шырай, халықтық хал болса, достық әлемі дегеніміз – бір тудың астына жиналған елдердің ынтымағы мен бірлігі, достығы мен қамқорлығы. Мәселен, «Махаббат жыры» (1964) деп аталатын шығармасында Әділжанның соғыстан зағип болып оралып, жаны күйзелген шақта қол ұшын берген достары зауыттың Сережа Петров, Нина Иванова, Клава Кузнецова сияқты орыс жастары болатын. Шығармадағы осы ұлттық бояу мен достық әлемі махаббат тақырыбын терең суреттеуге өзек болған. Сөйтіп, шығарма арқауы – махаббатты, қыз бен жігіттің берік махаббатын, ана мен баланың тәтті махаббатын, әке мен баланың ардақты махаббатын, Отанға деген майдангердің жанкешті махаббатын, жалпы адамзаттың өмірге деген махаббатын бейнелеудің символына ұласты.

Жазушының махаббат тақырыбындағы туындыларының жазылу әдістерінің өзі –

ерекше әдеби-көркем түрде құралған. Мәселен, сұхбат (ауызша) түріндегі берілетін үлгілерге «Әсем», «Махаббат жыры», «Ғажайып адам» секілді шығармалары жатса, қолжазба, естелік, хат түрінде (жазбаша) жазылған туындыларға «Ботагөз», «Ескі дәптер» секілділері жатады. Бұл шығармалардың ортақ негізі – жастардың арман-тілегі, асқақ рухы, болашақ аңсарлары, биік мақсаты мен мәртебелі мұраттары, олардың бойындағы шынайы қасиеттері мен нәзік сезімді сырлары, адалдығы мен ар-ұяттылығы. Бұл жерде жазушы қоғам, заман шындығын, адамдар іс-әрекеттерін терең, нанымды ашады. Замандас бейнесін әр қырынан көрсетеді. Алайда, бұл туындыларда кейіпкерлер бір-біріне ұқсамайтын дара қасиеттерімен ерекшеленеді.

Қаламгер шығармашылығының ауқымы – оның әмбебаптылығында. Өйткені, ол біріншіден, талант талғамымен, екіншіден, жазушылық ұлы ізденіспен, шығармашылық процестің, талмай еңбек етудің әсерінен кемел суреткер дәрежесіне жетті.

Ә.Нұршайықов шығармашылығында адалдық пен адамгершілік, эстетикалық-моральдық мәселелер шынайылықпен бейнеленеді. Бұл жайттар өмірдің сан түрлі құбылыстарымен, тұрмыс-тіршіліктің күйбең тірлігімен қабысып, астасып жатыр. Мәселен, «Махаббат жыры», «Ғажайып адам» әңгімелерінде адамдық болмыс, жан сұлулығы мен сезім сырлары заман бейнесімен тұтастықта берілсе (Ғайни, Әділжан, Асылгүл), «Ботагөз» әңгімесінде паң да маңғаз бойжеткеннің ақыр аяғында шоқ басуын бейнелеу арқылы жеңілтектіктің ащы зардабынан оқырманды сақтануға шақырады.

Әзілхан Нұршайықов шығармашылығындағы басты кейіпкер, көркем бейне – Ербол Есенов атты жас журналист. Қаншама адам тағдырын зерттеп, оның ішкі әлеміне терең бойлаған жанның есімін жазушының көп шығармасынан кездестіреміз. Ол бірде – баяндаушы тұлға («Махаббат, қызық мол жылдар»), бірде тыңдаушы әрі бақылаушы («Әсем», «Махаббат жыры», «Ғажайып адам», «Ескі дәптер»). Барлық жерде де ол – автордың көкейіндегі көзқарасын, жүрегіндегі лүпілін жеткізуші, оның айт дегенін оқырманға паш етуші дәнекер бейне. Демек, тасасында жазушының өзі тұрған Ербол бейнесі – жазушының идеялық пафосы мен тақырыптық желісін, стильдік ерекшелігін танытатын басты қаһарман. Ең бастысы, жазушы Ербол және

оның төңірегіндегілер арқылы өмір ақиқаттарын ашады, замана шындықтарын көркем жеткізеді.

Жазушы шығарманы жазбас бұрын алдына ұлы мақсат қояды. Алдымен халықтық таным, ұлттық нақыш, болмыс, рухани мұра, дәстүр өнегелері секілді ұлттық құндылықтарға, заман адамы формасына, қоғамдық-саяси факторға сәйкес сапалық белгілерге айрықша мән береді. Туындыларында ұлттық дәстүрді бойына сіңірген ұрпақтың жастық шағына үлкен мән беріп, адами ізгі қасиеттер, барлық өмірлік жағдаяттар, терең философиялық сезімді өзек етеді. Өйткені, адамның ең көркем де қымбатты, албырт та бақытты шағы – жастық кезең. Сондықтан батырлық, ерлік, елдік, батылдық, отты сезім – бәрі жастықтың берер тәтті ләззаты екенін түсіндіргісі келді. Сол мақсатты көркемдік мәнде өрнектеді. Содан да болар оның өмір оқиғалары мен тағдырлар шындығы арқылы сенімді суреттелген туындылары қалың көпшіліктің қызығушылығына бөленді. Жазушының «Махаббат, қызық мол жылдар» романы ұлттық құндылық, имани қасиет, халықтық болмысқа негізделген жастықтың махаббат символына айналды.

Жазушы мұратынан – заман көріністері мен адам әлемін кеңінен көрсетуі айқын. Замандас бейнесін жасау жолындағы ізденістері де толық танылады. Ең негізгісі, Ә.Нұршайықовтың жастар конференциясын арқау еткен – «Талқы», ауыл өмірі мен ауыл адамдары, еңбекшілерге арналған – «Комбайыншы», аудан тағдырына арналған – «Алыстағы ауданда», ерлік пен батырлық тақырыбына жазылып, Б.Момышұлының ерлігін суреттейтін «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы, М.Ғабдуллинмен бірлесе сыр шертіп, қоғам қайраткерлері мен ел елеулілерін тілге тиек ететін «Тоғыз толғау» повесть-монологы, М.Мәметованың ерлігін сипаттайтын «Майдан жазбалары», махаббат жырының символы – «Махаббат, қызық мол жылдар», «Махаббат жыры», «Ботагөз», «Әсем», «Ескі дәптер», «Мәңгілік махаббат жыры», өмірлік досы, әдеби ұстазы М.Иманжановтың ғұмырнамалық келбетіне арналған «Қаламгер және оның достары» естелігі және әдеби-публицистикалық очерктер мен портреттер, естеліктер мен хаттарынан анық көруге болады.

Ә.Нұршайықов шығармашылығының биік белесі, кең құлашты пафосы – ұлттық ұллық пен гуманистік идеяны дәріптеу. Ал эстетикалық мұраты – тән сұлулығынан гөрі, жан сұлулығының тазалығы, сезім мөлдірлігі,

нәзік лиризмнің жалынды үні, ұлы ерліктің оттылығы екендігіне жазушы шығармаларын оқыған кезде көзіміз анық жетеді.

Ә.Нұршайықовтың шығармашылығында жанды бейне мен портреттер мол. Ол қандай кейіпкердің болсын нағыз бейнесін жасап, көркем бейнесін сомдаған. Жазушы туындыларында оқиғалар желісі шым-шытырық, қым-қиғаш, тартыс үстінде болмағанмен, замана көрінісі, замандас келбеті, осыларға сәйкес айтылатын ішкі қуат пен қайнар күш, эстетикалық талғам мен моральдық принциптер, яки бір сөзбен айтқанда, рухани қасиеттер мен құндылықтар бай, көл-көсір берілген. Бұдан шығатын қорытынды, жазушы шығармашылығының мақсаты – жан сұлулығын ту етіп ұстап, адамның «көзін қойып, көңілін ашу», асқақ сүйіспеншілікті жырға қосу.

Біздіңше, Ә.Нұршайықов шығармашылығы өз дәуірінің көркем шежіресі, замандастар бейнесін көрсетудің нақты үлгісі, өмірді, адамды аялау мен бағалаудың бірден-бір дерегі, мысалы деуге болады. Қаламгерге кезек берсек: «Әр жазушы өзі таңдаған тақырыптың төбесіне қарай өрмелейді. Әркім өз шыңына шығып, өз жалауын тігеді...

Ерлік пен еңбек, достық пен махаббат тақырыбына өз әлімше қалам тарттым...

Бір қызығы мен өмірден өткен тарихи тұлғалар туралы емес, жер басып жүрген

өзіммен замандас адамдар туралы жаздым. Мұны менің өзгелерден өзгешелігім деуге болады. Менің кейіпкерлерімнің барлығы өмірдегі өз аттарымен аталады, жазғандарымда солардың өз бастарынан кешкен оқиғалар ғана баяндалады»[7,123-124 бб.].

Қорыта айтқанда, қаламгердің әдеби шығармада замандас бейнесін кестелеу шеберлігі, ең алдымен заман мен адам қатынасын айқындаудан басталып, жеке тұлғаның бар болмысын әдеби-көркемдік мәнде суреттеуге байланысты айқындалады. Бұл – бір.

Екіншіден, жазушы еңбегі мен шығармашылығында дәуір, уақыт талаптары негізгі қатарда тұрады да соны адам әлемі, іс-әрекеттері арқылы көркем суреттейді.

Үшіншіден, қоғам құбылыстары мен кезең көріністерін, замана шындықтарын адам бейнесі арқылы көрсету (мысалы, жастар өмірі, Ұлы Отан соғысы көріністері, Б.Момышұлы, М.Иманжанов т.б.), оларды өмірдегі, еңбек-тұрмыстағы суреттері арқылы бейнелеуі танымдық-тағылымдық тұрғыдан мәнді.

Демек, Ә.Нұршайықов шығармашылығындағы замандас бейнесі, оның жасалуы мен суреттелуі, іс-әрекеттері нақты өмір көріністері болса, көркемдік-эстетикалық нысаны – биік адамгершілік, жоғары жауапкершілік, тәлім-тәрбие ісінің кең қанат жаюында жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
- 2 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.
- 3 Қирабаев С. Әдебиет және дәуір талабы. – Алматы: Жазушы, 1976. – 300 б.
- 4 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. – 576 б.
- 5 Тұрысбек Р. Ә.Нұршайықовтың шығармашылық мұрасы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 271 б.
- 6 Межелайтис Э. Контрапункт. – М.: Известия, 1972. – 180 с.
- 7 Нұршайықов Ә. Таңдамалы шығармаларының он томдығы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. Т.3. – 400 б.

Доскеева Шайза Асанқызы

Лауазымы: ғылыми дәрежесі: филология ғылымдарының кандидаты, филология кафедрасының доценті, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Елебеков көшесі, 1

Ұялы. Тел: 8 775 675 42 31

Әдебиет тарихындағы замандас бейнесін суреттеу және оның Ә.Нұршайықов шығармаларындағы көрінісі

Доскеева Шайза Асановна

Должность: научная степень: кандидат филологических наук, доцент кафедры филологии, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г.Семей

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Елебекаова, 1

сот. тел: 8 775 675 42 31

Описание образа современника в истории литературы и его проявления в работах А.Нуршайкова

Doskeyeva Shaiza Asanovna

Position: scientific degree: Candidate of Philology Sciences, Associate professor of the department of Philology, Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, Elebekov st. 1

Mob.phone: 8 775 675 42 31

Description of the contemporary's image in the history of literature and its manifestation in the works of A.Nurshaykov